**Бекітемін:**
**«ЕрТөстік» бөбекжайының**
**Әдіскері:** **Тұржанова.Ж**

**Білім беру ұйымы:** «Ер Төстік» бөбекжайы
**Топ:** «Өркен» ерте жас
**Балалардың жасы:** 1 жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 27.11 - 01.12.2023ж.
**Қараша айы** 5-апта
**Педагогтың аты-жөні:** Рахметова.Ұ

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 27.11.23** | **Сейсенбі 28.11.23** | **Сәрсенбі 29.11.23** | **Бейсенбі 30.11.23** | **Жұма 01.12.23** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | "Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнауға туралы қалауын айтуды, көрсетуді, | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты | "Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін | "Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына ұстауын | "Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, іс-әрекеттерін мақтау. | есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. | көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау керектігі туралы түсіндіру. | қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. | әрекетіннің үлгісін және суару үлгісін көрсету. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Тыныс алу, тыныштандыру, артикуляциялық жаттығулар элементтерін қолдана отырып таңғы жаттығу кешенін орындау. **(дене шынықтыру)**<br>**«Сылдырмақпен».**<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, сылдырмақ төменде.<br>1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.<br>3-4 бастапқы қалып (4 рет).<br>Тура солай.<br>1-2 сылдырмақты алға созу.<br>3-4 артқа тығу;<br>Бастапқы қалып тура солай<br>1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу.<br>5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет).<br>Сылдырмақпен жүгіру (10сек). | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз!<br>Өсеміз, алып боламыз! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлкен саяхат жолына<br>Доспен бірге барамыз. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Мүсіндеу** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Музыка** | **Дене шынықтыру**<br>**Көркем әдебиет** | **Сенсорика** | **Дене шынықтыру**<br>**Қоршаған орта** |
| | **Дене шынықтыру**<br>**"Қасқыр мен қояндар".**<br>**Мақсат-міндеттері.** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.<br>**Мүсіндеу**<br>"Көңілді ұшақ"<br>Мақсат-міндеттері. Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу | **Сөйлеуді дамыту**<br>Жапырақтар<br>**Мақсат міндеттері:** Қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және күз мезгілі туралы түсінік беру. 1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету; белсенді сөздікті байыту, еліктеу сөздер мен дыбыстарға еліктеуді жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру, заттар мен іс-әрекеттерді білдіретін жаңа сөздерді енгізу, пассивтік сөздік қордағы сөздерді айтуды үйрету. 2. | **Дене шынықтыру**<br>"Гүлдерді терейік"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға таныс ертегілер арқылы қозғалыс дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру. Доппен жаттығу жасауды үйретуді жалғастыру; екі аяқпен алға қарай секіру дағдыларын дамыту; жаттығу жасау кезінде балаларда жағымды эмоцияларды тудыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>"В.Г. Сутеевтің "Алма" ертегісі.<br>**Мақсат-міндеттері**. В. Г. Сутеевтың | **Сенсорика**<br>Күзгі жолдың бойымен<br>**Мақсат міндеттері:** 1. С. Маршак «Сақинаны кім табады?» тақпағын: «ки», «шеш», «сақина» сөздерінің мағынасын түсіндіру. 2. Сақинаның шетінен саусақпен жүргізу арқылы қолдың ұсақ моторикасын; бір ойыншыққа зейін қойып ойнау білігін дамыту. 3. Заттарды қолданып іс-әрекет орындауға құлшынысын тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру**<br>"Аспанда ұшақ ұшып барады".<br>**Мақсат-міндеттері**. Балалардың допты домалату дағдыларын қалыптастыру, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету.<br>**Қоршаған орта**<br>**Отбасы**<br>**Мақсат міндеттері:** Балалардың ұғымында отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау. | Қызығушылықтарын дамыту. 3. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Орамалды бұлғайық"<br>**Мақсат-міндеттері.**<br>"Күшігім" әуеніне баланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. | "Алма" ертегісімен таныстыру; сөздік қорларын толықтыру; көркем әдебиетке танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; балаларға ертегіні мұқият тыңдауды, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; тілін, қиялын, ойлау қабілетін дамыту. | | 1. "Отбасы", "іні", "қарындас" сөздерін дыбыстау кезінде анық айтуды үйрету. 2. Еске сақтау, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмек беруге, барлық отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік танытуға тәрбиелеу. |
| **2- таңғы ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. (**мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, мен көрсеткен жерге бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". | құс па?<br>- Құстар көп. Жарайсыңдар!<br>Ескен Елубай<br>"Құстар, қайтып келіңдер!"<br>Құстар, қайтып келіңдер!<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>"Қош болыңдар!" - дегендей,<br>Қанаттарын қағады.<br>Сау-сағамат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>- Балалар, құстар келесі көктемде қайта ұшып келеді.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі | сипаттамалық ерекшеліктерге аударады.<br>**Қимылды ойын «Мергендер» (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен төменнен (бастың артқы жағынан, кеудеден) алға лақтыруды үйрету; нысанаға тигізудің қарапайым дағдыларын, көзді, ептілікті, қимылдарды дамыту. Бала қолына кішкентай допты немесе құм салынған дорбаны ұстайды. Қорапты немесе үлкен себетті қойыңыз (нысанадан балаларға дейінгі арақашықтық 1,5-2 м аспайды). Балаларды қолындағы допты | Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.<br>Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,<br>Қораптарды, түймелерді, тиекті.<br>Шиқылдаған екі жақты арбамен<br>Апарам да аударамын орға мен.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке | Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру.<br>Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюге дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспандағы ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, әртүрлі бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли "Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып. | **Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың топқа жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>- Балалар, аспанға қарайықшы.<br>- Бұлар нелер?<br>- Иә, бұл құстар.<br>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.<br>- Аспанда бір ғана | **Өсімдіктер әлемін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Шыршаның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, оны о басқа ағаштардан ажыратуды үйрету, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балаларға тақпақ тыңдау арқылы учаскеден ағашты табуды ұсынады.<br>Тікен, тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>Балаларды шыршаға қасына әкеліп, назарын | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу.<br>Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".<br>- Таныссың ба, бала, менің ісіммен.<br>Көшелерді сыпыратын кісі мен.<br>Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның жоғарыда шатырға ұқсап тұрғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жүгіруде колдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. | қорапқа (себетке, торға) лақтыруға жаттықтыру. | сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды қолайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **"Ұйқыашар" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, ояныңдар, керіліп-созылыңдар! Менің сендермен ойнағым келеді.<br>**Төсекте жатып жасайтын жаттығулар: "Мысықтар".**<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқысырап, мияулап жатыр, көздерін жұмып "мияу-мияу-мияу" деп жатыр.<br>Көзін ашып, аяқ-қолын керіп жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз "мияу-мияу-мияу."<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Майтабанның алдын алу.<br>Мысық шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып, табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көліктердің дыбыстарына еліктеп айтуға ынталандыру; көліктерді ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға мәшине, паровоз дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. | **«Сиқырлы кітап» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: суреттердің арасында екіге бөлініп, жыртылып қалған суреттерді біркіру. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Құлып" саусақ гимнастикасы.**<br>Есікте құлып тұр (саусақтарымызды бір-бірден біріктіріп, қолымызды құлыпқа қоямыз)<br>Кім оны аша алады екен?<br>Ашып көреміз, (құлыпты айналдырамыз, қолымыздағы құлыпты шешеміз)<br>Созамыз, (саусақтарымызды ажыратпай, алақандарымызды ашып-жабамыз)<br>Тоқылдатамыз, | **Саусақ жаттығуы** "Сәлем"<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)<br>Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)<br>Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылатынын түсіндіру, сипап көру арқылы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғой.<br>Жыламашы,<br>көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Үйқың келсе,<br>бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы,<br>көрейін,<br>Барып келші есікке. | қуаласпақ ойнағысы келетінін айтады. Балаларды қуыршақтан қашуға шақырады. Қуыршақ «қуып жетеді», оларды «құшақтап» тапқанына қуанады және «міне, менің достарым» дейді. Бұл ойын екі-үш баламен ойналады. | амалын игерту. | моншақ<br>Ойын шарты: балаға әртүрлі диаметрлі моншақтар беріледі. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ептілігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. | Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук".<br>(Д. Ахметова) |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері: киімдерін танып, көрсетуге бейімдеу, түймелерді түймелеу дағдысын қалыптастыру.<br>Шұлықты дұрыс киюді үйрету, шұлықты аяқтың басынан бастап киюді дағдыландыру.<br>Көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Қ/о: "Күн қояны" | Қ/о: "Күн мен | Қ/о: «Ақсерек | Қ/о: "Тышқан мен | Қ/о: "Балапандар" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Содан соң аудиожазбаны тыңдағанда балалар тырналарды паровозды "ту-ту-ту", мәшинені "бип-бип" деп дыбыстайды. | | (саусақтарымызды ажыратпай, алақанымызбен шапалақ соғамыз) Ашылды! (саусақтарымызды ашамыз) | Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) | Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлай білуге бейімдеу; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Көрнекілік: топтағы ойыншық. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиешінің нұсқауымен, мысалы: 1 адым алға, оңға бұрылу, 2 адым алға жүруді айту. Ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, тығылған ойыншықты табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"** Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе | **«Қуаласпақ» ойыны.** Жабдық: орташа қуыршақ. Педагог қуыршақ | **"Кәмпиттер".** Мақсат-міндеттері. Ермексазбен көлемі ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу | **Саусақ жаттығуы «Моншақ тізу»** Қызыл сары, көк моншақ. Мен жасаймын көп | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу.** Сылдырмақты соқтық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны. | жаңбыр" | көксерек» . | мысық" | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Пирамида жинау" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға пирамида жинауға, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға үйретуді жалғастыру.<br>Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұруы қажет. **(сенсорика)**<br>**"Қимыл ойлап табу" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың еліктеуге деген ынтасын дамыту; жағымды эмоцияны ояту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қолдармен ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бірігіп достасып,<br>Бір орында ұстасып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым жерде тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға | | | | |

| | |
|---|---|
| | бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. **(музыка)**<br>Көліктерді тізіп ойнату. **(сенсорика)**<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Саусақ жаттығулары және баланың сөйлеу тілін дамыту", "Баланың жағымды эмоцияларын дамытудың маңызы", "Үйде ғажайып сәттерін ұйымдастыру жолдары". |